

"Алматы облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Алматы облысы әкімдігінің 2015 жылғы 27 қаңтардағы № 52 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаментінде 2015 жылы 16 ақпанда № 3051 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы әкімдігінің 2025 жылғы 29 қаңтардағы № 26 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы әкімдігінің 29.01.2025 № 26 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқасының пунктуациясы мен орфографиясы сакталған.

"Мемлекеттік мұлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабының 7) тармақшасына және "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдының үлгі ережесін бекіту туралы" 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған "Алматы облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесінің Ережесі бекітілсін.

2. "Алматы облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесі (Н.Сатыбалдина) "Алматы облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыруды қамтамасыз етсін және осы қаулыдан туындайтын басқа да шараларды қабылдасын.

3. Басқарма басшысына осы қаулыны әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен кейін ресми және мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген интернет-ресурста және облыс әкімдігінің интернет-ресурсында жариялау жүктелсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары М.Бигелдиевке жүктелсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

"Алматы облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже

1. Жалпы ережелер

1. "Алматы облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Басқарма) кәсіпкерлік, сауда, индустриялық-инновациялық даму және жер қойнауын пайдалану салаларында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Басқарманың ведомстволары жоқ.

3. Басқарма өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Зандарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Басқарма үйымдық-құқықтық нысанындағы занды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз аталуы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. Басқарма азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Басқарма егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. Басқарма өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Басқарма басшысының бүйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Басқарманың құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Занды тұлғаның орналасқан жері: индекс 040000, Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, № 26

Ескерту. 9 тармақ жаңа редакцияда - Алматы облысы әкімдігінің 18.02.2016 N 80 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі).

10. Мемлекеттік органның толық атауы – "Алматы облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже Басқарманың құрылтай құжаты болып табылады.

12. Басқарманың қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

13. Басқармаға кәсіпкерлік субъектілерімен Басқарманың функциялары болып табылатын міндеттерді орындау түрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Басқармаға заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындағы қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Басқарманың миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. Басқарманың миссиясы: Алматы облысының аумағында кәсіпкерлік және сауда қызметін, инвестициялық климатты, өнеркәсіп және шикізат секторын дамыту үшін жағдай құру.

15. Міндеттері:

1) заңнамаға сәйкес жеке кәсіпкерлікті дамыту және қолдау бойынша мемлекеттік саясатты жүргізу;

2) мемлекеттік сауда саясатын жүргізуді қамтамасыз ету;

3) индустриялық-инновациялық дамытудың мемлекеттік саясатын жүзеге асыру;

4) кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған келісімшарттардың орындалуын және қолданысының тоқтатылуын қамтамасыз ету.

16. Функциялары:

1) жеке кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың мемлекеттік саясатын жүзеге асыру;

2) жеке кәсіпкерлікті дамыту үшін жағдайлар жасау;

3) өнірде шағын кәсіпкерлікті және инновациялық қызметті қолдау инфрақұрылымының объектілерін құру мен дамытуды қамтамасыз ету;

4) өз құзыреті шегінде сауда қызметі субъектілерінің қызметін реттеуді жүзеге асыру;

5) Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағдарламаларын жүзеге асыру;

6) түсті және қара металл сыйықтары мен қалдықтарын жинау, (дайындау), сактау, қайта өндеу және өткізу жөніндегі қызмет түрін жүзеге асыруға лицензия беру және лицензия көшірмелерін қайта ресімдеу;

7) меншік түріне қарамастан сауда рыноктарының қызметін мемлекеттік реттеу және үйлестіруді қамтамасыз ету, сауда рыноктарының қызметін ұйымдастыру ережесіне және олардың түрлеріне сәйкес рыноктарға санаттар беру;

8) өз құзыреті шегінде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына рұқсат етілген шекті бөлшек сауда бағалары мөлшерінің сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

9) облыстың Өнірлік тұрақтандыру қорын басқару жөніндегі комиссияның жұмысын ұйымдастыру;

10) кәсіпкерлік мәселелері бойынша сарапшылық кенестердің қызметін және өнірлік үйлестіру кеңесінің отырыстарын ұйымдастыру;

11) облыстың өнірлік индустрияландыру картасын әзірлеу және бекіту;

12) арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың жұмыс істеу саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру;

13) кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге арналған келісімшарттарды жасау, тіркеу және сақтау;

14) облыс аумағында өндірілетін тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің және оларды өндірушілердің тізбесін қалыптастыру;

15) облыс бойынша индустриялық-инновациялық қызмет саласындағы салалық бағдарламалардың жүзеге асырылуын үйлестіруді қамтамасыз ету;

16) "Жетісу" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамын, "Алматы облысының өнірлік дамыту орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігін басқаруды жүзеге асыру;

17) жергілікті мемлекеттік басқарудың мұддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен Басқармаға жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

17. Құқықтары мен міндеттері:

1) заңнамада белгіленген тәртіpte мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды тұлғаларынан қажетті ақпараттар мен материалдарды сұратуға және алуға;

2) облыс бойынша арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың жұмыс істеуін үйлестіруді қамтамасыз ету;

3) сыйайлас жемқорлық құқықбұзушылықтар мен қылмыстар жасауға жол бермеу бойынша шараларды қабылдау;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де міндеттер мен құқықтарды іске асыруға құқығы бар.

3. Басқарманың қызметін ұйымдастыру

18. Басқармаға басшылықты Басқарманың жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

19. Басқарманың бірінші басшысын облыс әкімі қызметке тағайындауды және қызметтен босатады.

20. Басқарманың бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

21. Басқарманың бірінші басшысының өкілеттігі:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Басқарма қызметкерлерін лауазымға тағайындайды және лауазымынан босатады;
- 2) Басқарма қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолданады және ынталандырады;

3) өз құзыretі шегінде Басқарма қызметкерлері орындауға міндетті бұйрықтар, нұсқаулықтар шығарады;

4) Басқармадағы сыйайлар жемқорлыққа қарсы іс-әрекет бойынша жеке жауапкершілік алады;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз құзыretі шегінде мемлекеттік органдар мен ұйымдарда Басқарма мүддесін білдіреді;

6) өз құзыretіне жататын басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды

Басқарманың бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындаиды.

22. Бірінші басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

23. Басқарманы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын Басқарма басшысы басқарады.

4. Басқарманың мұлқі

24. Басқарманың заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мұлқі болу мүмкін.

Басқарманың мұлқі оған меншік иесі берген мұлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мұлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

25. Басқармаға бекітілген мұлік коммуналдық меншікке жатады.

26. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Басқарма, өзіне бекітілген мұлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мұлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жок.

5. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату

27. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Басқарманың қарамағындағы ұйымдардың тізбесі:

- 1) "Жетісу" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы;
- 2) "Алматы облысының өнірлік дамыту орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШДЖҚ РМК